

# ТУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

ль Сейсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйым.

Егін өнімін арттырудың маңызды шарттарының бірі—қар тоқтату жұмыстарын үлгілі жүргізіп, егіншіліктің мәдениетін батыл көтерейік! Сөйтіп, үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың барлық көлемінен мол өнім алудың берік негізін қалайық!

ЫҢ

## Л. З. МЕХЛИСТІ ЖЕРЛЕУ

иктің мүл-  
отырмайды.  
ресе, Коню-  
ш келеді.  
мен МТС-  
дейін кіріс-  
анның 30  
«Путь про-  
басқа да  
бір гектар

коздарда 6  
ацға қар  
ТС-тер қар  
жөк. Олар  
оға жеткі-  
р. МТС-тер-  
жыртықш-  
маған, қал  
белінбеген.  
тоқтату жо-  
ысыз орын-

Белуосов  
ен 4 мың,  
торы Мө-

15 февральда Москва еңбекшілері Коммунистік партия мен совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Лев Захарович Мехлисті соңғы сапарға ұзатып қалды.

Бүгінгі сағат 12-де еңбекшілердің Одақтар Үйінің Колонналы залына кіруі басталды. Биік тұғырдың үстіне, гүлдердің ортасына марқұмның сүйегінің күлі салынған урна қойылған. Мұның алдында Л. З. Мехлистің үлкен портреті, атлас жастықшалардың үстінде —4 Ленин ордені, 2 қызыл ту ордені, 1 дәрежелі Суворов ордені, 1 дәрежелі Кутузов ордені, Қызыл жұлдыз ордені және медальдар, Лев Захарович бұл ордендермен, медальдармен советтік Отан алдындағы еңбегі үшін наградталған.

Мындаған москвалықтар коммунистік партияның адал ұлы өзінің бүкіл саналы өмірін совет халқына қызмет етуге арнаған Лев Захарович Мехлиспен қоштасуға келді.

Қаралы күйлер үзіксіз тартылды. Құрметті қарауыл әрбір бес минут сайын ауысып тұр. СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, үкметтің және жерлеуді ұйымдастырушы Үкметтік комиссияның мүшелері

бірінші соғыс кезінде ол армияда қызмет етті. 1918 жылғы мартта, Октябрь революциясынан кейін көп ұзамай, Мехлис жолдас Коммунистік партия қатарына енді. Соған бері партияның және үкметтің тапсыруы бойынша ол Совет Армиясында, мемлекеттік органдарда, партия аппаратында қажырлы қызмет етіп келді.

Азамат соғысы жылдарында Мехлис жолдас бригаданың, дивизияның және Украинадағы оң жақ жағалау әскер тобының соғыс комиссары болып, Қызыл Армияны нығайтуға, ақ гвардияшылар мен интервенциягердің әскерлеріне қарсы күресте Қызыл Армияның жауынгерлік табыстарын қамтамасыз етуге белсеніп қатысты.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Лев Захарович Мехлис Жұмысшы-Шаруалар Инспекциясының Халық Комиссариатында, онан кейін Коммунистік партияның Орталық Комитетінің аппаратында басшылық қызмет атқарды.

1930 жылы партияның Орталық Комитеті Мехлис жолдасы «Правда» газетінің редакциясына жұмысқа жіберді. Партияның Орталық Комитетінің органында жауапты жұмыс атқара отырып, ол партиямыздың сапа жолын қорғап, партияның

рін совет халқына қызмет етудің ұлы ісіне, коммунизм құрылысы ісіне арнады.

Мехлис жолдас 1918 жылғы мартта Коммунистік партияның қатарына енді. Соған бастап өмірінің ақырғы күндеріне дейін өзінің барлық күші мен ұйымдастырушылық қабілетін Отанымыздың қуатына мұнан әрі көркейгіп, нығайту жолындағы күреске жұмсады.

Партия қосқан әралуан түрлі жұмыстардың бәрінде Лев Захарович өзіне тапсырылған істі коммунистік ынтамен орындап келді.

Азамат соғысы жылдарында ол соғыс комиссары болып Қызыл Армия бөлімдерінде белсенді жауынгерлік жұмыс атқарды.

Бейбіт құрылыс жылдарында Мехлис жолдас Қызыл Армияның Жоғарғы Саяси Басқармасын басқарды, совет жауынгерлеріне саяси тәрбие беру ісіне басшылық етті.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы басталысымен партия оны қайтадан Совет Армиясына жұмысқа жіберді.

Соғыстың барлық жылдарында ол майданда болды, армиялар мен майдандардың соғыс Советтерінің мүшесі болып қызмет

Көктемгі өгіске әзірлік

### Мол өнім үшін күрес

Баянни атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) алдыңғы қатарлы колхозшылары көктемгі өгіске әзірлік жұмыстарын табысты жүргізуге.

Олар еңалдымен тұқым дайындауда ерекше белсенділік көрсетіп келеді. Тұқым тазалауда колхозшылар Ж. Байтуғанов, Р. Жумина, Ш. Нұрғожин жолдастар стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Олар сменалық тапсырманы ұдайы 120—125 проценттен кем орындамайды.

Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жолындағы күресте осы ауданның Абай атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері Н. Елеукина, Ұ. Есібаев жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсулі. Тұқым тазалауда үшемі біржарым, екі нормаға дейін орындау олардың дағдылы ісі.

\* \* \*

Өгіске әзірлік жұмыстарын жергілікті Советтердің сайлауы күні 1-мартқа дейін толық аяқтайық деген ұранмен «Земледелец» колхозының (Ленин ауданы) № 4 бригадасының мүшелері алдағы өгіске әзірлік жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсартпа түсуде.

Бригадала Е. Әлжанова, З. Исмаилова

МТС башшылары қар тоқтатудың егін өнімін арттырудағы маңызын жете бағаламайды, оны екінші кезектегі науқан деп қарайды. Сөйтіп, қар тоқтатуға күш-мүмкіншілікті жеткіліксіз бөледі немесе мүлдем бөлмей жұмысты аяқсыз қалдырады. Мыста көптеген колхоздар қар тоқтату-осы уақытқа дейін кіріспей келеді. Ең айту керек, партия, совет ұйымдарымен ауылшаруашылық орындарының өнімін арттырудың қысқы агрономиялық шараларын ойдағыдай жүзеге асыру ісіне, әсіресе қар тоқтату жұмыстарына басшылығы мүдде қанағаттанғысыз. Олар колхоз, совхоз және МТС башшыларынан қар тоқтатуға еш- мүмкіншілікті жеткілікті бөліп, бұл жөнінде тағайын-

дәрі тоқтату жөнінде МТС-тер алдында зор міндеттер тұр. Олар трактор қар жұртқыштарын жеткілікті бөліп және оны жұмысқа тиімді пайдаланып, қар тоқтату жұмыстарын кеңінен механикаландыруға тиіс. МТС башшылары колхоздарды қар тоқтату жұмыстарының басы- қасында болып, оның агротехникалық өрежелерге сай жүргізілуін қадағалап отыруға тиіс.

Егін өнімін арттырудың маңызды шарттарының бірі — қар тоқтату жұмыстарын үлгілі жүргізіп, егіншіліктің мәдениетін батыл көтерейік! Сөйтіп, үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың барлық көлемінен мол өнім алуын берік негізін қалайық!

## Ертіс бойындағы шалғындықтар мен жайылымдарды суару

**СЕМЕЙ. (ҚазТАГ).** Ертіс бойының колхоздары үздіксіз өсу жолында отырған мал шаруашылығына берік жемшөп базасын жасауға зор назар аударуда. Суармалы шалғындықтардың көлемі жыл сайын кеңейтілуде, бұл шалғындықтарда алуан түрлі шөптердің тұрақты мол өнім алынауда.

Ылтыр облыс колхоздары шабындықтарды суару үшін тұңғыш рет қар-мұз плотиналарын қолданды. Мұның тиімді екеніне көздері жеткен колхоздар бұл жұмысты быйыл барынша кеңейтті. Февраль айында әуе райының жылынуына байланысты қар-мұз плотиналарын салуға қолайлы жағдай туды. Ылғалда қар жақсы

нығыздалады, ал, түнгі аяз бөгетке салынған ылғал қарды мұзға айналдырып, қатырып тастайды. Көмтемде бұл плотиналар еріп кетпеу үшін колхозшылар плотиналардың үстін топырақпен жабуда. Кей жерлерде көң төгіп, үстіне су төгіп қатыруда. Жақында Жарма ауданындағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары Жарма өзеніне осындай плотина салды.

Жаңа Семей ауданындағы Чапаев атындағы, «III-Интернационал» ауылшаруашылық артельдері өзекектерге тұңғыш рет осындай қар-мұз бөгеттерін салды. Кәзір Ертіс бойындағы әрбір колхоз қар-мұз плотиналарын салумен шұғылдануда.

## Стахановтық вахтада

**БӨРЛІ. (ҚазТАГ).** «Қазақстан нефто-разведка» тресінің тереңнен бұрғылау бригадасы жергілікті Советтердің сайлауы құрметіне стахановтық вахта атқаруда. Геология-барлау конторының бұрғышысы графиктен тыс 500 метрден астам проходка берді. Мастер Жарекенов бірінші күні ішінде № 87 скважинаның забойын тапсырма бойынша 145 метр орнына 512 метр тереңдетті. Мастерлер Илиясов пен

Тұрғановтың бригадалары бұрғылау жұмысында графикті асыра орындауда.

Құлсары бұрғылау конторының бригадалары стахановтық еңбек етуде. Мастер Батырбаев проходканың үздік режимін қолдана отырып жоспардан тыс 150 метр бұрғылады. Ержановтың бригадасы бұрғылаудың жоспарлы шапшаңдылығын әрбір станок- айға 238 метр арттырды.

қандары мен жақындары, СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің мүшелері, Совет Армиясы мен Флотының генералдары, адмиралдары, партия, совет қызметкерлері және басқалары қайғылы үнсіз келеді... Охотный қатарының бойы мен Манеж алаңында құрметті әскери эскорт сап түзеп тұр. Қаралы марш тартылып бейбітшілер Қызыл алаңға қарай жүріп келеді. Мұнда әскер бөлімдері сап түзеп тұр. Көптеген москвалықтар Коммунистік партияның адал ұлы генерал-полковник Л. З. Мехлисмен ақырғы рет қоштасуға келген.

Л. З. Мехлистің сүйегінің күлі салынған урна Ленин мавзолейінің қарсысына қойылды. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Үкметінің мүшелері мавзолейдің трибунасына шықты.

Қаралы митинг басталды. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және ССРО Министрлер Советі атынан сөз сөйлеу үшін А. Ф. Горкин жолдасқа сөз берілді.

### А. Ф. ГОРКИН ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

**Жолдастар!**  
Бүгін совет халқы Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Лев Захарович Мехлис жолдаспен қоштасады.

Лев Захарович Мехлистің өмір жолы — халыққа шын шетімен қызмет етудің, социалистік Отанға шын берілгендіктің үлгісі. Ол Ленин — Сталин партиясының ұлы идеяларын жүзеге асыру жолындағы, коммунизмнің салтанат құруы жолындағы қажырлы күрескері болды.

Мехлис жолдас өзінің еңбек қызметін жасөспірім кезінен бастады. Дүниежүзілік

мен және революциялық бытпен атқарды. Ол өзінің өмірінде Коммунистік партия мен совет халқының мүдделерінен басқа мүдделерді білген емес.

Өзіне және басқаларға да қатаң талап қойғыш, турашын кіршіксіз таза, Ленин — Сталин партиясының жолы үшін күресте дәйекті Мехлис жолдас партия мен халықтың сүйіспеншілігіне және орынды құрметіне ие болды.

Партия мен Совет халқы алдындағы зор еңбегі үшін, совет мемлекетінің Қарулы Күштерін құруға, командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын орындауға, социалистік бақылауды нығайтуға белсеніп қатысқаны үшін Лев Захарович Мехлисті үкмет сан рет жоғары наградтармен — Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградтады.

Еңбекшілер ісі жолындағы жанқыр күрескер Лев Захарович Мехлис жолдасның бейнесі біздің жүрегімізде мәңгіге сақталды, оның жарқын өмірі Ленин — Сталин партиясының ұлы ісі үшін, халқымыздың қуатын нығайту және оның даңқы үшін күресте үлгі болады.

Москваның еңбекшілері атынан СОКП Москва қалалық комитетінің секретары И. В. Капитанов жолдас сөз сөйледі.

### И. В. КАПИТАНОВ ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

**Жолдастар!**  
Москва қаласының еңбекшілері бүгін Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Лев Захарович Мехлисті қатты қайғырғандық сезіммен ақырғы сапарына ұзатып салады.

Мехлис жолдас өзінің бүкіл саналы өмі-

реттерінің депутат Аубыр науқас тұрғызбады. Сондiң қоғамдық, сәдiй жiгермен қадi. Бiрақ, Лев және халықпен күнде де тоқталсyzсiзiнде Мехлис мыздың Орталық дiш сайланды.

Лев Захарович Коммунистік парветтік Отанның ды, ол өзінің бi Сталиннің ұлы

Ажал оны ара совет адамдары рi Ленин — Сталiрiлген адал ұлы дың жалынды п Мехлистің жаркi сақтайды.

Қаралы митинг сүйегінің кү қабырғасы жаны қуысқа қойылды былды. Онда ал сөздер жазылған.

Лев

13 I-188

Үш дүркін зей марштан кейін С тiк Гимнi тарты алдынан өттi.

## 1956 ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІНЕ

жетті. Престің басқару торабын орнатуға 12 сағат беріледі. Өндірістік операциялардың бәрін қалдырып, слесарь бұл жұмысты 3 сағатта орындайтын болды. Престің шалғай жерлерін іріктен сақтауды қолданып, Птушка операцияны төрт есеге жуық шапшаңдатты. Автоматты көтеру санын

кеміту есесінің к ты құрастыруда хановшы жұмыс тын өнімді пайдi пайдаланудың ес нада 2 сағаттан нормасын 4 есе

# сайын өрістей түсуде



ындағы заводтың партия ұйымы кәсіподақ комитетімен Советтердің сайлауына арнап шаңғышылардың үгіт ырды. Бригада заводтың камқорлығындағы Полудень колхозында болды. ың жетекшісі инженер-комсомолец Ф. Пошуканец «Біз- бүгінгі күні мен болашағы» деген тақырыпта сайлаушы- аяндама жасады. Бригада мүшелері токарьлар: И. Федо- есарь И. Лисс және металл жонушы Р. Кажефутдинов ерінде болып, оларға өздері алып барған кітаптарды үйлерінде әнгіме өткізді. Бригадасына қатысушылардың колхозға жүрер алдында ысып тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## алдындағы саяси үгіт Тілші хаттарына шолу)

яси маңызы зор Амангелді атындағы және Приешім аудан- нындағы «Талапкер» колхозының кол- хозшылары жергілікті Советтердің сайла- нына өкілдік етуге қатысуға — деп

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ Сауыншылардың тәжірибесі

Пелагея Юдакова мал бағуды, әсіресе, жас төлді бағып күтуді жақсы көруші еді. Сондықтан ол колхоздың ірі қара мал фермасында бұзау өсіруші болып жұмыс істеуді өзі қалап алды. Ол мұнда үш жыл бойына үздіксіз бұзау бақты. Пелагея баққан бұзаулардың барлығы да ірі, күйлі болып өсті. Өйткені, ол бұзауларды жазды күні дұрыс жайып бағып, қысты күні қолдан тыңғылықты азықтандырып, күйлі өсіре білді. Жас бұзауларды суыққа, жауын шапшыға ұрындырмады. Пелагея Юдакова жаз болса бұзауларды ферма маңындағы оты мен суы мол жайылымдарға бақты және өрісті мезгіл-мезгіл ауыстырып отырды. Ал, қыс болса, бұзауларға белгілі норма бойынша жемшөп және басқа да құнарлы азық беріп, аман өсіруге жетісті. Сөйтіп, таңдаулы мал өсіруші қарамағындағы бұзауларды бүкіл жыл бойына шығынсыз және күйлі өсірудің тамаша үлгісін көрсетті.

«Красное знамя» колхозы сүт өндіру жоспарын жыл сайын орындай алмай жүрді. Колхоз басқармасы фермада сүт алуды жақсартудың тиісті шараларын белгіледі. Бұл мақсатпен ең алдымен сауыншылардың құрамы өзгертілді, оның қатары таңдаулы колхозшы әйелдер есебінен толықтырылды. Осы жолы үш жыл бұзаушы болып істеген Юдакова жолдас та сауыншы болып белгіленді.

Алғашқы жылы Юдаковаға 12 сауын сыйыр бекітіліп берілді. Ол сауын сыйырларды жақсы күтімде ұстап, сүтті көп алуды мақсат етті.

Сауын сыйырларды жыл бойына тыңғылықты күтімге алып, олардың сүттілігін арттыру, сөйтіп, сүт өндіру жоспарын толық орындау үшін сауыншылар өзара социалистік жарысқа түсіп, жаңа міндеттемелер алды. Бұл жарысқа Юдакова жолдас бірінші болып кесейді. Ол өзінің қа-

пайдаланудың шешуші маңызы бар. Міне, осыны еске ала отырып, «Красное знамя» колхозының басшылары жазды күндері жайылымды тиімді пайдаланудың шараларын белгіледі 15 күнде бір жайылым ауыстырылып отырылды. Сыйырлар жақсы жайылымға бағылып, тоя оттайтын болды.

Өткен жылғы қыста сауын сыйырлар тыңғылықты күтімге алынды. Ұдайы құнарлы жемшөп беріліп тұрды. Сыйырларды жайып бағуда және қолда күтіп азықтандыруда бақташылармен бірге сауыншылар да еңбек үлгісін көрсете білді. Бұл іс жүзінде игілі жемісін берді. Әрбір сауын сыйырдан алынатын сүттің мөлшері арттырылып колхоз мемлекетке сүт тапсырудың жылдық жоспарын Преснов ауданында бірінші болып орындады. Ал, сауыншы Юдакова жолдас әрбір сауын сыйырдан 1540 литр орнына 2180 литрден сүт алып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Сөйтіп, кемелдер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

Юдакова қажырлы еңбегімен зор абройға, сый- құрметке ие болды. Колхоз басқармасы оның сыйыр сауудағы жемісті еңбегін бағалап, қосымша ақыға 1946 литр сүт және басқа да заттай сыйлықтар берді.

Сүт өндіруге стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп, үздік табыстарға жеткен сауыншылардың ішінде Мария Вурм бар. Быйыл ол 12 сыйырдан 12 бұзау өсіріп, әрбір сауын сыйырдан 2016 литр сүт сауды. Таңдаулы сауыншы табысты еңбегі үшін қосымша ақыға 1432 литр сүт алды.

Мұнымен қатар, Мария Конкина, Екатерина Гаврилова, Раиса Максимова жолдасар және бірнеше таңдаулы сауыншы-

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС  
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАВАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 февраль. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні барлық майдандарда америка ағылшын интервенттеріне және лисынманшыл әскерлерге қарсы артиллериялық ұрыстар жүргізуде болды деп хабарлады.

Кеше түнде «В-29» америка бомбардировщиктері ешқандай соғыс объектісі жоқ Пхеньян маңындағы бейбіт елді майдандарды тағылықпен бомбалды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімі және жау самолеттерін атқыштар панның 5 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 15 февраль. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майдандарда өткен күні ерекше өзгеріс болған жоқ деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 6 самолетін атып түсірді.

## АМЕРИКАН СОҒЫС ӨКМЕТ ОРИНДАРЫ — БАТЫС ГЕРМАНИЯДА СҮЗЕК АУРУЫН ТАРАТУДЫҢ АЙЫПТЫЛАРЫ

ВЕНА, 14 февраль. (СОТА). «Дер абенд» газеті «Штутгарттағы сүзектің құпия сыры» деген тақырыппен бүгін Штутгарттан алған мынадай хабарды жариялады:

«Штутгарттың қалалық әкімшілік топтарынан мәлім болғанындай, Баден-Вюртемберг жерінде етек алып отырған және Гессен жеріне біртіндеп тарала бастаған жұқпалы сүзек ауруының шығу себебін оккупацияшыл америка әскерлерінің лагерлерінен іздестіру қажет.

Штутгарт қалалық денсаулық сақтау бө-

# ДАУЫС БЕРУ ТӨРТІБІ

Бүкіл дүние жүзі халықтарының қамқоршысы, данышпан Иосиф Виссарионович Сталиннің есімімен аталатын ССР Одағының Конституциясы еліміздің азаматтарының ұлы праволарын қамтамасыз етті, ол праволарды жүзеге асыруға толық әрі дәйекті мүмкіншілік туғызды. Жұырда бүкіл республика еңбекшілері сыяқты облыс еңбекшілері де сайлау уриваларына барып, жергілікті Советтерге депутаттар сайлауға қатысады, өздерінің қасиетті азаматтық борыштарын өтейді. 1 март күні —Қазақ ССР жергілікті Советтерінің сайлауы күні олар жалшыға бірдей, тең, дауысты жасырын беру арқылы еліміздің таңдаулы ұлы мен қыздарын жергілікті Советтерге сайлап, Ленин—Сталин партиясы саясатының салтанаты үшін, советтік демократияның салтанаты үшін дауыс береді.

Жоғарыда айтылғандай үстіміздегі жылғы 1 март—жексенбі күні жергілікті Советтердің —еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің депутаттары сайланады. Бұл мерекелі күнді әрбір сайлаушы өзінің келелі сыйымен асыға күтулі. Өйткені Сталиндік Конституцияда берілген қасиетті правоны пайдалану, сөйтіп, коммунистер мен партияда жоқтардың сталиндік одағы ұсынған кандидаттарға дауыс беру совет адамдары үшін зор қуаныш, бұл арқылы олар Ленин —Сталин партиясына өздерінің шексіз берілгендігін бүкіл дүниежүзі алдына бұдан бұрын өткен сайлаулардағыдай тағы бір рет демонстрациялайды.

Жергілікті Советтердің сайлауын өткізудің ұйымдастыру-техникалық жұмыстарында көп қиыншылықтар бар. Бұл участоктік сайлау комиссияларын дауыс беруге ұйымдастыру-техникалық жағынан қажетті жасалатын әзірліктің алдын-

ала тыңғылықты аяқталуын қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл жерде сайлау күні сайлау участоктерінде сайлаушылар бөгеніп қалмасын, оларға сайлау бюллетендері тезбе-тез беріліп, сайлаушылардың азаматтық борыштарын қасиетпен орындап шығуына толық жағдай жасалсын деген түйінді пікір айтпақсыз.

Әрбір сайлау участогінде бір сайлаушы бірнеше сайлау округінде ұсынылған кандидаттарға дауыс беретін болғандықтан сайлау комиссиялары өз міндеттерін тырнақты орындап, сайлаушыларға бюллетендердің дұрыс берілуін қадағалауға тиіс. Ол үшін сайлау комиссияларының мүшелері арасында әр қайсысының атқаратын қызметі алдын-ала анықталуы керек.

Сайлаушы еңбекшілер депутаттарының облыстық және аудандық, ауылдық немесе қалалық және поселкелік Советіне депутаттыққа ұсынылған кандидаттарға дауыс беру үшін бірнеше бюллетендер алады. Сайлау комиссиясы мүшелерінің міндеті —әрбір сайлаушының алған бюллетенді кім үшін дауыс беретіндігіне жөні жететіндігіне жетісу болып саналады.

Сайлау күні сайлау комиссиясының қарамағында сайлаушылардың тізімдері болады, сайлаушылар бюллетенді сол тізім бойынша алады.

Облыс орталығы —Петропавлда тұратын әрбір сайлаушыға 2 бюллетен беріледі. Ал, ауылдық, селолық жерлерде тұратын сайлаушылар 3 бюллетен алады.

Сайлаушылардың сайлау участоктерінде жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі. Дауыс беру үшін әрбір сайлаушы участокке өзі келеді. Олардың сайлау бюллетенін алу үшін қолында паспорты, колхоз мүшесі болса мүшелік кітапшасы немесе басқа да документтері болуы шарт.

Сайлау комиссиясының секретары не-

месе комиссияның мүшесі тиісті документін көргеннен кейін сайлаушыға сайлау бюллетенін беріп, тізімге оның сайлау бюллетенін алғандығы жөнінде белгі қояды.

Сайлау участогінің үйіне сайлаушылардың тізіміне тіркелген және қолында дауыс беру правосы куәлігі бар азаматтардың барлығы да келеді. Куәлікпен келген азаматтарды сайлау комиссиясы жөке тізімге тіркейді. Мұндай сайлаушылар сайлау бюллетенін алып, дауыс беруге қатысады.

Сайлау бюллетенінде сайлау округінің номері, сайлау күні, депутаттыққа кандидаттың фамилиясы, оның өз аты мен әкесінің аты және кандидатты ұсынған қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының аттары жазылады.

Сайлаушы сайлау бюллетенін алып, дауыс беретін бөлмеге кіріп, кандидатқа жасырын дауыс береді. Ал, егер сауатсыздығынан немесе басқа да бір кемтарлығынан сайлау бюллетенін өздігінен толтыруға мүмкіншілігі жоқ сайлаушы болса, ол сайлау бюллетенін толтыру үшін қалаған сайлаушылардың қайсысын болса да бюллетенді толтыратын кабинаға шақыруға праволы.

Жергілікті Советтердің сайлауы туралы Ережеге сәйкес сайлау күні дауыс беріліп жатқан жерде сайлауға байланысты үгіт жұмысын жүргізуге болмайды.

Сайлаушылар сайлау болатын күні жергілікті уақытпен таң ертеңгі сағат 6-дан түнгі сағат 12-ге дейін дауыс береді. Бұл барлық сайлаушылардың азаматтық правоны толық пайдалануын қамтамасыз етеді.

Сайлаушылар 1 март күні коммунистер мен партияда жоқтардың Сталиндік блстігінің кандидаттарына дауыс беру арқылы советтік демократияның салтанаты үшін дауыс береді.

**Т. ЖЕТПІСБАЕВ.**

еңбек етіп келеді. Былтырғы жылдың өзінде ғана 60 бледен 60 құлып алып, оны шығынсыз өсірді. Сөйтіп, жылық өсіру жоспарын артығымен орындауға жетісті.

Қ. Әділбаев жолдас бесінші бесжылдықтың үшінші жылында қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға жету жолындағы социалистік жарысқа қызу ұштасып, үстіміздегі жы-

ре асыраты болмайды. И ны тебінде жоғары көрс

Сол сыяқ жолдастар д еңбектің үл қарамағында күйлі, әрі п

## Қосымша ақы ал

Сауыншылар З. Мороскова, Т. Жүнісова, М. Исатаева және бұзау өсіруші Бин-Лин жолдастар Сталин атындағы ауыл-шаруашылық артелінің (Булаев ауданы) мал шаруашылығында көптен бері жұмыс істеп келеді. Өткен жылы олар колхоздың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету ісінде қажырлы еңбек етіп, күрделі табыстарға ие болды.

\*\*\*

«Красное знамя» колхозының (Преснов ауданы) Т. Бркалин, Ж. Құдабаев, П. Мезинцев, Ә. Жақин жолдастар сыяқты

колхозшылар өнімділігін а жігерін аям Озат мал тыңғылықты мезгілінде к олардың мал Бұл малш де күрделі Мұндай қаж барлығы да

## КИНОЛАР

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ОНЫҢ ЗОР ЖЕҢІСІ»

Сеанстар 6-8-10-да басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКтяБР»

Бүгін және күн сайын  
Сеанстар  
Касса сағ

Петропавлдың сыра заводына бу котелінде жұмыс істеу үшін тәжірибелі кочегар және жұмыс стажы бар электр слесарі керек.  
Жұмыс жөнінде заводтың кадр бөліміне келіп жолығуға болады.  
Адрес: Лагерь көшесі, 2 үй.

Қазақ павлдағы колхоз ес мен бухгалтер оқушылар  
Адрес: мунист ке

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет